



ҒИБРАТ ҒАСЫРЫ

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЛРТ: ҚҰРАСТЫРУ БАСТАЛДЫ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН САЙЫС

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ ҚИЫН-ҚЫСТАУ
ЗАМАНДАРДА ДА МЕЙІРІМДІЛІК
ПЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТА БІЛ-
ГЕН ӘРІ БІРЛІГІН БЕКЕМ ЕТКЕН
ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІН
ЖАДЫМЫЗДА ЖАҢҒЫРТАДЫ.

№24
(4768)
Сенбі
1 наурыз
2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Рамазан – жақсылық айы

Бүгін қасиетті Рамазан айы басталды.

Он екі айдың сұлтаны саналатын Рамазан айы биыл 1 наурызда басталып, 29 наурызда аяқталады. Қасиетті «Қадір түні» наурыздың 26-сынан 27-сіне қараған түніне келеді. Биылғы пітір-садақа құны 655 теңге болып бекітілді. Наурыздың 30-ы Ораза айт мерекесі тойланады.

Елордада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы филиалына қарасты 15 мешіт қызмет атқарады. Астана қаласының әкімдігі Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қала бойынша өкілдігімен және тиісті мемлекеттік мекемелермен бірлесе дайындық және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.

Сондай-ақ қала тұрғындары Рамазан айы күндері діни өзекті мәселелер бойынша туындаған сұрақтарға тәулік бойы «109» Call-center арқылы ақпарат алуына болады.



Елімізде көктемнің алғашқы күні ерекше мерекемен аталып өтіледі. 2016 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының мәжілісінде 1 наурыз – Алғыс айту күні болып бекітілді. Содан бері бұл күн қазақ халқының қайырымдылығы, мейірімділігі және қонақжайлығының көрсеткіші ретінде аталып келеді.

АЛҒЫС АЙТУ – АСЫЛ ПАРЫЗ



ҮМІТКЕРЛЕР ҰБТ ТАПСЫРАДЫ

1 наурыз бен 6 сәуір аралығында Ұлттық бірыңғай тестілеу өтеді.

ҰБТ-ға шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданған, өткен жылы мектеп және колледж түлектері, ҚР азаматы емес ұлты қазақ тұлғалар, сондай-ақ мектеп бітіретін түлектер жоғары оқу орындарына ақылы негізде түсу үшін қатысады.

ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз қалады, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша. ҰБТ тапсырмалар

саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырмадан. Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды.

Тестілеу уақыты – 4 сағат (240 минут). Бұл ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталады.


ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ БЕРІЛЕДІ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай, елордада 36 мыңға жуық көпбалалы отбасылар, көпбалалы аналар, оның ішінде әлеуметтік аз қамтылған аналар біржолғы әлеуметтік төлем алады.

«Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы №84/10-VIII қаулысымен бекітілген елорда бойынша әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлемелерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға – 36 мыңға жуық азаматқа 2,5 АЕК (9 830 теңге) мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек берілетін болады» делінген елорда әкімдігінің хабарламасында.

Төлем көпбалалы отбасыларға, көпбалалы аналарға,

оның ішінде Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын әлеуметтік аз қамтылған аналарға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Әлеуметтік төлемдер орталығының тізімдері негізінде жүзеге асырылады.



Ел тұрғындары мен қонақтары Қазақстан астанасынан тікелей Самарқандқа ұша алады, деп хабарлады Elordainfo.kz.

Көлік министрлігінің мәліметінше, 1 мамырдан бастап QAZAQ AIR әуе компаниясы Астанадан Самарқандқа жаңа бағыт ашады. Бұл бағыт Түркістан арқылы ыңғайлы транзитпен жүзеге асырылады. Енді жолаушылар әлемнің ең көне қалаларының біріне саяхаттаумен қатар, Қазақстанның рухани әрі тарихи орталығы Түркістанда уақыт өткізе алады.

Астана-Самарқанд әуе рейсі аптасына екі рет әр бейсенбі және жексенбі орындалады.



ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Халықаралық сот әкімшілігі қауымдастығының (IACA) президенті Памела Харресті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Памела Харриске ілтипат білдіріп, жауапты қызметке сайлануымен құттықтады. Сонымен қатар оның тәжірибесі Ұйым қызметіне тың серпін беретініне сенім білдірді.

Президент құқықтық мемлекет құруда заң үстемдігін қамтамасыз ету мен сот жүйесін реформалаудың шешуші мәнге ие екенін атап өтті. «Біз «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыруға бағытталған өте маңызды реформаларды қолға алдық. Заң үстемдігі қоғамға дендеп енгізілген деп санаймыз. Менің ойымша, бұл еліміздің тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуі үшін өте өзекті. Сондықтан Халықаралық қауымдастық Қазақстан-

мен, еліміздің сот жүйесімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі керек» деді Мемлекет басшысы.

Памела Харрис елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформаларды жоғары бағалап, ынтымақтастықты жалғастыруға әзір екенін жеткізді. IACA президентінің айтуынша, Сот әкімшілігі мен Жоғарғы соттың функцияларын бөлу әлемдік тәжірибедегі анағұрлым тиімді шешімдердің бірі. Ол Ұйымның Қазақстанмен байланысты

нығайтуды көздейтініне тоқталып, ұлттық сот әкімшілігі өкілдерінің Қауымдастық жұмысына белсенді қатысқанын айтты.

Кездесуде сот төрелігі жүйесін реформалаудың негізгі аспектілері қарастырылды. Бұдан бөлек, сот органдары арасындағы өзара ықпалдастықты кеңейтуге, сот өндірісінде цифрлық шешімдерді және жасанды интеллектті қолдану перспективасына баса назар аударылды.

АУДИОШЫҒАРМАЛАР 100 ПЛАТФОРМАҒА ЖҮКТЕЛЕДІ

Астанада Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының VIII Құрылтайы өтті. Жиынға қатысқан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құрылтайға қатысушыларға құттықтауын оқып берді. Мемлекет басшысы қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналып келе жатқандығын және қоғамды біріктіруші, елдің бірлігі мен ынтымағын арттыруға қызмет ете беретіндігіне сенім білдірген.

Өз сөзінде Ерлан Қарин «қазақ тілі дамымай жатыр деген көңіл-күйден аулақ болайық» деген пікірін айтты. «Мемлекеттік тілді барлық салада дамытудың жаңа әдістері, жаңа технология, жасанды интеллект арқылы дамытуда ілгері басып келеміз» деді ол. Алқалы жиында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Рауан Кенжеханұлы баяндама жасады.

Өз кезегінде құрылтай мінберінен сөз сөйлеген «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Танысбай телерадиокорпорацияның мемлекеттік тілді дамыту бағытында екі бірдей маңызды жобаны іске асырып жатқанын жеткізді.

«Алдағы сәуір айында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің бастамасымен «Алтын қордағы» дүниелер негізінде «Асыл мұра» атауымен аудиобом жарыққа шығармақпыз. Жинаққа барлығы 1500 күй, жыр-терме, халық және халық композиторларының өндері, ертегі, бесік жыры, ретро әндер кіргізілді. Оның басым бөлігі бұрын шыққан топтамаларға енген, тек қорда тұрған құнды дүниелер» деді Ләззат Танысбай.

Жобаның ерекшелігі – аудиобомалар әлемдік музыкалық платформаларға да жүктеледі. «Ұлттық музыкалық



мұрамызға, фольклорымызға қатысты біршама эксклюзив дүниелер жарыққа шыққалы тұр. «Асыл мұра» аудиобоманың ең негізгі ерекшелігі – ондағы шығармалар жинақтан бөлек, жастардың арасында танымал Spotify, Yandex Music, Apple Music сияқты 100-ден астам әлемдік музыкалық платформаға жүктеледі. 1500 аудионы әлемдік музыкалық платформаларға жүктеу арқылы тіліміздің өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін, ырғақтық мәнерін жасанды интеллект жүйелеріне енгізуге, сол арқылы қазақ тілін жаңа технологиялық мүмкіндіктерге бейімдеуге ықпал ететін боламыз» деді Ләззат Танысбай.

«Қазақстан» телерадио-

корпорациясы жүзеге асырып жатқан екінші жоба – эфирдегі тіл тазалығын сақтау мақсатында қолға алынған «Комментатор сөздігі» құралы. Сөздіктің мақсаты – спорт трансляциялары кезінде қолданылатын терминдер мен қалыптасып үлгермеген спорттық ұғымдарды жеткізуге ықпал ететін боламыз» деді Ләззат Танысбай.

ЗАҢГЕР ОРНЫНА ЧАТ-БОТ БОЛА МА?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Әділет органдарын дамыту және цифрландыру мәселелері қаралды. Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жасанды интеллект мүмкіндіктерін одан әрі қолдана отырып, халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру, көрсетілетін қызметтің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету жолдары туралы баяндады.

«Бірінші, мәжбүрлеп орындату мәселесі бойынша халық тарапынан негізді сын жиі айтылады (2024 жыл ішінде бұл сала бойынша 89 мың шағым келіп түскен, өтініштердің жалпы санының 63%-ын құрады). Біздің мақсатымыз – азаматтардың аталған институтқа деген сенімін қалпына келтіру. Бұл ретте жасанды интеллект мүмкіндіктерін

салынған тыйымды, елден шығуға уақытша шектеуді, борышкерлер тізілімінен шығаруды уақытты орындамау мәселесін автоматтандыру арқылы шешу жоспарлануда» деді министр.

Әділет министрі Заңгерлік қызметтер, атқарушылық жазба жасау механизмін жетілдіру жұмыстарына да назар аудар-

рушылық жазбаларды автоматты түрде бөлу арқылы өндіріп алушы мен жеке сот орындаушының келісуін жою; борышкердің аумақтық қағидатының сақталуын бақылау; Нотариустардың басқа өңірдің атқарушылық жазбасын жасауына тыйым салу; Тараптарға атқарушылық жазба жасалғаны туралы SMS-хабарламалар



қолдануды жалғастырамыз» деді Ерлан Сәрсембаев.

Ведомство басшысының сөзінше, Робот сот орындаушысы арқылы оңайлатылған іс жүргізуді одан әрі дамыту жалғасады. Робот арқылы өндіріп алу сомасын 20-дан 40 айлық есептік көрсеткішке дейін кеңейту жоспарланған. Бұл азаматтардың қаржысын үнемдеуді арттырады. «Цифрлық ассистент» енгізі отырып, «Өндіріп алушы мен борышкердің жеке кабинетін» пысықтаймыз. Ассистент істің орындау барысын толық көрсетеді. Ал өндіріп алушы мен борышкер сот орындаушының қабылдаған және қабылдауы тиіс шарасын көре алады. Бұдан былай осы платформада тараптар сот орындаушының әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келіспеген жағдайда шағымдана алады. Ұсыну мерзімі өтуіне байланысты кері қайтарылған атқарушылық құжаттар бойынша мүлікке

ды. Өкінішке қарай, аталған мәселе бойынша теріс көзқарас қалыптасқан. Атқарушылық жазбалар борышкердің жазбаша мойындауы болмаса да жасалған. Оның үстіне борышкерлердің тұрғылықты жері сақталмаған. Мұны микроқаржы ұйымдарымен, коллаторлық компаниялармен және жеке сот орындаушымен алдын ала келісім бойынша өз пайдасын ойлайтын нотариустар жасаған.

Осыған орай, Министрлік көрсетілетін қызметтің ашықтығын қамтамасыз ететін бірқатар жүйелі қадамдар жоспарлап отырғанын жеткізді. «Е-нотариат» ақпараттық жүйесінде «Тараптардың жеке кабинетін» биометриялық сәйкестендірумен ашуды қамтамасыз ету. «Жеке кабинет» арқылы өндіріп алушы мен борышкерге қарсылық төлеу не берешекті уақтылы төлеу мүмкіндігін беру; жазбаша мәмілелер бойынша атқа-

жіберу пилоттық жобасы іске қосылған. Алғашқы нәтижелер бар. Мәселен, борышкерлер нотариустардан жасалған атқарушылық жазба туралы хабарлама алып, берешектің уақтылы төлеуде. Тағы бір бастама – келісімдерді куәландыру бойынша онлайн іс-әрекеттің түрлерін кеңейту. Нотариустардың онлайн кеңес беруін арттыру.

Сонымен қатар ол Министрлік көрсетілетін заң көмегінің атаулылығы мен сапасына ерекше назар аударатынын алға тартып, азаматтардың өтеусіз негізде құқықтық кеңес алу тетігі пысықталып жатқанын жеткізді. Қазір азаматтар мемлекет кепілдік берген заң көмегі аясында кеңес алу үшін адвокаттарға немесе заң кеңесшілеріне жүгінеді. Бұл рәсімді оңтайландыру үшін азаматтарға «үйден шықпай» кеңес беруге арналған чат-ботты енгізу ұсынылады.

БЕС ЖЫЛДА 7 000 ТРАКТОРШЫ, 9500 ПРОРАБ КЕРЕК

Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев Сенатта өтіп жатқан парламенттік тыңдауда 2030 жылға қарай қай салаларда жұмысшы мамандар тапшы болатынын түсіндірді. «Технологиялардың еніп, автоматтандыру артқанына қарамастан жұмысшы кәсіптер әлі де еңбек нарығының негізі болып қала береді.

Алдағы жылдары ондай мамандарға қажеттілік тек арта түседі. Алдағы 6 жылда жұмыс күшіне деген жиынтық сұраныс 1,6 млн адамға бағаланып отыр. Олардың жартысынан көбі кәсіптік-техникалық білімі бар мамандар болу керек. 400 мыңға жуық таза жұмысшы керек болады» деді ол.

Ермек Көшербаев жұмысшы мамандықтарға ең көп сұраныс құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі және ден-

саулық сақтау салаларында болжанып отырғанын мәлім етті. «Бұл салаларда жұмысшы мамандарға сұраныс 56 пайыз болады. Құрылыста сылақшыға (9758 адам), прорабқа (9477 адам), дәнекерлеушіге (7229 адам) сұраныс жоғары болады. Ауыл шаруашылығында фермерлерге (9695 адам), тракторшыларға (7141 адам), ірі қара мал өсірумен байланысты жұмысшыларға сұраныс жоғары болмақ. Өңдеу өнеркәсібінде дәнекерлеу-

шілер, тігіншілер мен киім реставраторлары, өнеркәсіп жабдықтарының слесарлары, сантехниктер мен құбыр өткізгіштер қажет. Денсаулық сақтау саласында 24 614 орта медициналық персонал, 4604 жедел жәрдем көлігін жүргізуші, 4536 фельдшер керек болады. Өңірлер бойынша жұмысшы мамандықтарға ең үлкен сұраныс Қарағанды, Түркістан, Жамбыл және Алматы облыстарында болады деді вице-премьер.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚОЛДАУ БАР

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек пен Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының IV пленумына қатысты.

«Күн тәртібіндегі негізгі мәселелер – ұйымның биылғы жылға арналған жұмыс жоспары және Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар. Бүгінде елордада 140 мыңнан астам зейнеткер, оның ішінде 6 соғыс ардагері және 1 157 тыл еңбеккері тұрады. Өткен жылы Астана қаласы әкімдігі мен мәслихаты бірлесіп әзірлеген «Белсенді ұзақ өмір» кешенді жоспары бекітілді. Аталған құжат аясында тегін құқықтық көмек көрсету, қайырымдылық іс-шараларын өткізу, емханаларда арнайы медициналық кабинеттер ашу және басқа да маңызды әлеуметтік бастамалар қарастырылған» деп жазды Табиғат Зейнұлқабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ ол ардагерлердің өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтты.



БИЫЛ 8 ЖАТАҚХАНА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек биыл елордада 8 студенттік жатақхана салына- тындығын мәлімдеді.

«Қаладағы инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды жүйелі деңгейде салуды жалғастырамыз. Олар – тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің, білім беру, медицина, спорт және т.б. нысандары. Өздеріңіз білетіндей, өзге қалалардан келетін студенттер саны жыл сайын артып келеді. Жауапты министрлікпен, университеттермен, инвесторлармен бірлесіп, жатақханалардағы орын санын ұлғайту бойынша жұмыс істейміз» деді әкім.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, былтыр 4 200 орынға арналған 7 студенттік жатақхана салынып, пайдалануға берілген. Олар – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туран Астана» университеті, Медицина университеті, Astana IT university және тағы басқа студенттерге арналған жатақханалар.

Биыл тағы 8 жатақхананы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Олар қосымша 3,5 мың орын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарына оқу ғима-



раттарын салу үшін жер учаскелері бөлінді, онда студенттік жатақханалардың құрылысы да қарастырылған.

2023 жылдан бастап студенттік жатақханалар салу бойынша жобалық кеңсе жұмыс істейді. Фронт-офистің негізгі міндеті – жатақха-

налар салу бойынша мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және студенттерді баспанамен қамтамасыз ету, сол сияқты ЖОО-лар мен әлеуметтік инвесторларға заңгерлік, консультациялық және сараптамалық қолдау көрсету.

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТТИ

Апта ішінде Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы Алғыс айту күніне орай «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында болып, қайырымдылық акциясын өткізді. Жылдағы дәстүрмен ұйымдастырушылар осындағы қариялар мен мүгедектері бар жандарға қамқорлық танытып, өздерінің сый-сыяпатын үлестірді.



Ержан ҚОЖАС

Мерекелік шарада ассамблеяның этномәдени бірлестіктеріне қарасты шығармашылық ұжым концерт беріп, орталықтағы қызмет алушылардың көңілін көтерді. Мерекелік сыйлық ретінде азық-түлік себетін таратты.

«Бұл – еліміздегі этносаралық татулық пен бірлікті нығайтуға арналған шара. Бұған этномәдени бірлестік мүшелері, ардагерлер, студенттер еріктілер қатысып отыр. Біз жыл сайынғы қалыптасқан дәстүрмен осы орталыққа келеміз. Яғни қала-

лық ассамблея ұжымы болып, түрлі ұлт өкілдерінен құралған өнерпаздарымыз ән салып, би билеп, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды атаулы мерекемен құттықтап отырамыз. Сонымен қатар, біздің тұрақты демеушілік танытатын қалалық кәсіпкерлердің қолдауымен орталықта қызмет алып жатқан әр азаматқа сыйлық берілді» дейді Астана қаласының Қоғамдық келісім КММ бас маманы Ақжалын Сәулебек.

Айта кету керек, мекемеде 300-ден астам жалғызбасты қарттар мен ерекше қажеттіліктері бар жандар тұрады. Оның ішінде орталықта 10-

нан астам түрлі этнос өкілдері қызмет алуға.

«Алдымен барша Астана халқын Алғыс айту күнімен құттықтаймын. Екіншіден, жыл сайын қайырымдылық шара өткізіп, орталықтағы қарттар мен өзге санаттағы азаматарымызды үнемі қолдап жүретін Астана қаласының Қазақстан халқы Ассамблеясы ұжымына көп рақмет айтамыз. Бүгін де керемет концерттік бағдарлама ұсынып, оған қоса 335 адамға сыйлық ұсынып отыр» дейді «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы директорының орынбасары Сәуле Қазыбекқызы.

Алғыс айту күніне және Жұмысшы мамандықтары жылына орай елордалық Дін істері жөніндегі басқармасы және «QAMQOR-ASTANA» Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен дөңгелек үстел отырысы өтті. «Еңбек пен алғыс: қоғам дамуының негізі» атты жиынға діни бірлестік өкілдері қатысты.

ЕҢБЕК БАҒАЛАНУЫМЕН ҚҰНДЫ



Индира БЕРЖАНОВА

Ұлттық Академиялық кітапханада өткен іс-шара елордамыздағы конфессияаралық келісімді нығайту, халық бірлігін сақтау, қоғамдағы дәстүр институтын және қазақстандық қоғам құндылықтарын дәріптеуге бағытталды. Жиынға қатысушылар үшін алдымен «Кітапхана – білім ордасы» тақырыбында экскурсия ұйымдастырылып, республикалық кітапхананың ерекшеліктері таныстырылды.

Отырыстың ашылуында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен алғы сөз сөйлеп, мереке қарсаңында жиналғандарға алғысын білдірді.

– Кез келген мемлекеттің іргесін нығайтатын басты құндылықтар – адал еңбек пен шынайы алғыс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, еңбек адамның мәртебесін көтеру қажеттігін айрықша атап өтті. Әр салада жемісті еңбек етіп, еліміздің игілігі жолында сапалы жұмыс істеп жүрген әр азамат құрметке лайық. Айтулы жылы елордада бірқатар айрықша іс-шараларды өткізу жоспарланған. Солардың бірі – Әлемдік және

дәстүрлі діндер көшбасшыларының келесі VIII съезі. Сондықтан биыл нәтижелі жобалар жүзеге асырылды деп сенемін, – деді өз сөзінде Е. Берікұлы.

Бірқатар діни бірлестік өкілдері қатысқан отырыста қоғамда еңбек адамның мәртебесін арттыру маңызы айтылып, Жұмысшы мамандықтары жылы аясында алдағы уақытта өтетін іс-шаралар туралы ұсыныстар ортаға салынды.

«Баршаңызды алдымен Рамазан айының басталуымен құттықтаймын! Қасиетті ай бірлік пен мейірімге үндейтін мерекеміз – Алғыс айту күнімен қатар келіп отыр. Адамгершілік пен имандылықты өміріңіз қазығы еткен халқымыз қиын-қыстау сынақ жылдарында қамыққан жанға қамқор бола білді. Елорда мешіттерінде Рамазан айында түрлі қайырымдылық іс-шаралары ұйымдастырылып, жамағатқа рухани-танымдық бағдарламалар ұсынылады» деді елорданың бас имамы Ерболат Жүсіпов.

Ашық пікір алмасу форматында өткен отырыс барысында мұндай іс-шаралардың ерекше құндылығы назарға алынып, еңбек адамдарына алғыс айту белгісі бір күнде ғана емес, әрдайым айтулы қажеті сөз болды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

«ЖҮРЕКТЕН – ЖҮРЕККЕ» ЖЕТЕДІ

Астананың Нұра ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының бастамасымен Ботаникалық бақта «Жүректен – жүрекке» атты акция өтті. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында ұйымдастырылған іс-шарада 80-ге жуық зейнеткер еңбек адамдарына ыстық шай мен бауырсақ таратты.

Индира БЕРЖАНОВА

Акция аясында скандинавиялық жүріспен айналысатын зейнеткерлер коммуналдық қызмет мамандарын Алғыс айту күнімен әрі көктемнің келуімен құттықтап, жадыраңқы көңіл-күй сыйлады. Белсенді зейнеткерлер Ботаникалық бақ аумағының тазалығына жауапты қызметкерлерге ыстық шай мен дәмді тағам ұсынды.

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында ұйымдастырылған «Жүректен – жүрекке» акциясы жақсы дәстүрге айналып, қаланың

басқа да аудандарында жалғасады деп сенемін. Мұндай бастамалар коммуналдық қызметкерлер еңбегінің маңызын айқындап, өзара бірлікті нығайтуға ықпал етеді» деп атап өтті скандинавиялық серуен үйірмесінің жетекшісі Туғанай Бейсембаева.

Қалалық Нұра және Есіл ауданынан аталмыш үйірмеге 100-ден аса зейнеткер қатысып, күнде таза ауада серуендеуді әдетке айналдырған. Солардың қатарындағы 71 жастағы зейнеткер Нұрыш Шахметов қалада жайлылық пен тәртіпті қамтамасыз етіп жүрген жандарға алғысын білдірді.



АССАМБЛЕЯ ЖЫЛНАМАСЫНА АРНАЛДЫ

Көрме ҚХА-ның қалыптасу және даму тарихын, сондай-ақ оның халықтық дипломатияны, этнодіни қатынастарын дамуындағы рөлі мен маңызын, Қазақстан Республикасында ұлттаралық келісімді нығайту және қоғамды біріктіру ісіне қосқан үлесін насихаттайды. Көрмеге ҚР Президенттік орталығының архив, кітапхана және музей қорларынан 100-ге жуық экспонат қойылды.

Биыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін ерекше жыл. Жыл басынан бері еліміздің барлық өңірлерінде мерейтойлық іс-шаралар өткізіліп келеді, олардың әрқайсысы қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған. Ассамблея – бұл халықаралық деңгейде мойындалған табысты этносаралық өзара іс-қимылдың үлгісі. Әлемдік қоғамдастық келісім мен тұрақтылықтың қазақстандық моделін жоғары бағалайды, оны бейбіт

Қазақстан Республикасының Президенттік орталығында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Қазақстан халқы Ассамблеясы: бірлік пен татулықтың 30 жылы» атты көрмесі ашылды.

қатар өмір сүру мен өзара сыйластықтың үлгісі ретінде қарастырады. «Бұл біздің ортақ жетістігіміз – достықты, бірлік пен өзара түсіністікті бағалайтын халықтың жетістігі. Біздің басты міндетіміз – бұл құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу» деп атап өтті Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов.

Бүгінде Ассамблея этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің шынайы символына айналды, оны «Әртүрліліктігі

бірлік» формуласымен білдіруге болады. Оның арқасында елімізде Қазақстанда тұратын барлық этностардың мәдениетін, тілдерін, дәстүрлерін дамыту үшін кең мүмкіндіктер жасалған.

– Бүгінгі көрме аясында біз Қазақстан халқы Ассамблеясының даңқты жылнамасының және жалпы еліміздің тарихының негізгі беттерін этносаралық қатынастар призмасы арқылы көрсетуге тырыстық» деп айтты ҚР Президенттік орталығының директоры Бақытжан Темірболат.

«Этносаралық және жалпыұлттық келісімнің кепілі»

бөлімінде Қазақстан Республикасының аумағында тұратын түрлі этностардың өкілдері арасындағы мүдделерді біріктіру және оң өзара іс-қимыл қағидаттарында әрекет ететін ҚХА платформасында бірлік пен келісім идеясын дамуы мен нығаюы көрсетілген.

Тақырыптық экспозициялардың ашылу рәсіміне Қазақстан халқы Ассамблеясының, этномәдени бірлестіктердің, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері, ел Парламентінің екі палатасының депутаттары қатысты.

Көрме 2025 жылдың 25 наурызына дейін жалғасады.

ЖЫЛАШАР СӘТ

Биыл Астанада Алғыс айту күнін мерекелеу тағы бір маңызды оқиғамен – Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралардың басталуымен есте қалмақ. Осыған орай 2025 жылғы 1 наурыз күні сағат 09:30-да Астана қаласының Достық үйінде «Қазақстан халқы Ассамблеясына 30 жыл» ескерткіш тақтасының ашылу салтанаты өтеді.

Одан кейінгі мерекелік іс-шара «Бір шаңырақ астында: алғыс айту мәдениеті және ұлттық бірлік» атты дөңгелек үстелмен жалғасады. Бұл шара ҚХА-ның 30 жылдығына арналған жылдың ресми бастамасы болмақ. Дөңгелек үстел аяқталысымен қатысушылар «Қазақ еліне мың алғыс»

монументіне барып, гүл шоқтарын қояды. Тағзым етуге Қазақстан Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының және оның құрылымдық бөлімшелерінің, «Ассамблея жастары» РҚБ мүшелері және бейнебайланыс режимі арқылы шетелдік сарапшылар қатысады.



Бетті дайындаған Айгүл УАЙС

Мадока ЯНО, «Астана Опера» балет труппасының әртісі:

ҚҰШАҒЫН ЖАЯ ҚАРСЫ АЛДЫ



– Қазақстанға осыдан 10 жыл бұрын Жапониядан келдім. Құшақ жая қарсы алған достарымның ұлттық қонақжайлылық дәстүрі және оның

ұрпақтан ұрпаққа беріліп келетіні ұнады. Осы елге деген қызығушылығым бұрынғы орнымда кездестірген қазақстандық жігіттің әңгімесінен кейін оялды. Ол маған сіздердің елдеріңіздің керемет театрлары туралы айтып берді. Ақпаратты зерттеп, сайттар мен Instagram желісін қарағанымда мұнда репертуары тамаша, дайындық деңгейі жоғары және би стилі өзіме келетін театрлардың жұмыс істеп тұрғаны ұнады.

Өзімді әртіс ретінде өсіретін әрі дамыта алатын ортада еңбек еткім келді, сондықтан мен үшін өзімнің талпыныстарыма сай келетін театрды табу маңызды болды. Қазір осындай дарынды ұжымда еңбек етіп жүргеніме бақыттымын. «Астана Операда» үздік әртістер қызмет етеді, осы орайда театрдың одан әрі гүлденуіне берініп тілеймін. Әсіресе Алтынай Асылмұратованың басшылығымен жұмыс істеу мүмкіндігі үшін тағдырға ризамын, себебі мұндай құрмет кез келген жанға беріле бермейді. Сондай-ақ әріптестерім мен олардың отбасыларына денсаулық, табыс пен бақыт тілеймін. Қазақстанға бірден бауыр басып кеттім. Мұнда алғаш келгенімде сондай өзгеше сезімде болдым. Қазақстан – Азияға да, Батысқа да ұқсамайтын мемлекет, ал Астана – күш-жігері тасыған жас қала. Мұнда жастар көп екенін, айналада құрылыс қарқынды жүріп жатқанын байқадым. Қаланың болашағы зор деген сезім туды. Бірақ ең бастысы, оның тұрғындары еді, олар өте бауырмал, ақкөңіл және тез тіл табысады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында астаналық татарлар қауымы көрнекті татар ғалымы-энциклопедист, тарихшы-этнограф, тіл жанашыры, жазушы, ағартушы Қайым Насиридің 200 жылдығына арналған іс-шараларды қатар өткізуде.

КАЮМ НАСИРИ ІЗІМЕН

Он жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы «Каюм Насири институты» ғылыми-білім беру орталығы еліміздегі татар тілі мен мәдениетін қолдау, насихаттау және дамытуда көп жұмыс атқарып келеді. Орталық 2014 жылы Қазақстан мен Татарстанның екіжақты ынтымақтастығы аясында Еуразия ұлттық университетінің базасында Қазан федералды университетінен ашылған болатын.

Бұл ғылыми-білім және мәдени орталықтың ашылуы маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Өйткені Қазақстан шетелдегі екінші үлкен татар этносының отаны болып табылады. Мұнда 200 мыңға жуық татар тұрып жатыр. Орталық жұмысының бір бағыты ретінде балалар мен ересектерге татар тілін үйрену бойынша тегін курстар ұйымдастырылды. Татар әдебиеті мен тарихынан Қазан мұғалімдерінің дәрістері өткізіледі.

Осы орталықтың әдіскері



және жетекшісі Аделия Тухбатова жақында «Каюм Насири институты» ғылыми-білім беру орталығында «Каюм Насири ізімен» квест ойыны және Татарстаннан келген суретшінің майлы бояудан шеберлік сабағын өткізді. Сабаққа қатысушы балалар мен олардың ата-аналары алдымен Каюм Насири виртуалды экскурсия жасады. Татардың ардақты ұлы Каюм Насири өмірбаянына, оның ғылымға, әдебиетке, этнографияға

және медицинаға қосқан үлесі туралы айтылды.

Бейнелеу өнері бойынша шеберлік сыныбының ерекшелігі курс тыңдаушыларына ана тілін жаттықтыруға мүмкіндік беру мақсатында татар тілінде жүргізілді. Кездесу шай ішумен және Каюм Насиридің «Аспазға арналған нұсқаулық» жинағына енген ұлттық тағамдардың ең танымал және аз танымал тағамдарын талқылаумен аяқталды.

ШОРА САРЫБАЕВ – 100

ҮЛГІ, ҮРДІС
ЖӘНЕ ҮШТАҒАН

*Тарқамайтын құмары,
Тіланудың шынары,
Тұғыры алтын сырлы сөз,
Тағдырының тұмары!
(Тақырыптың тұздығы)*

Академик Шора Сарыбаевтың туғанына жүз жыл толды. Жүз жыл! Ол жер бетіндегі жасын ұмырында сол жүз жылдың тоқсан үшінші бөлесін көріп кетті. Міне, енді, ардақты ағаның рухын ұлықтаған жеті жылды артқа тастап, ғасырлық бөлесіне де жеттік. Жалпы, ғасырлық ғибрат қалдырған Шора Сарыбаевты кім деп танымыз?

Ол – ең алдымен, қазақ тіл білімінің тарихында айрықша із салған танымал ғалым. Екіншіден, өз саласының шыңына шыққан зерделі зерттеуші, атақты академик. Үшіншіден, ұзақ жыл қызмет істеген Тіл білімі институты директорының орынбасары болған аулықты басшы. Төртіншіден, үлкенге де, кішіге де сыйлы, ешкімге де жаттығы жоқ ақкөңіл азамат. Бесіншіден, жоғары оқу орнында талай жыл дәріс берген парасатты профессор. Алтыншыдан, бірнеше ішкі тәрбиелеген ұлағатты ұстаз. Жетіншіден, төңірегін күміс күлкімен көмкерген, өз ортасын қашанда той-думанға айналдырып жүрген әйгілі әзіл-кеш. Сегізіншіден, «Қайрат» футбол командасының орталық стадионда өткен бірде-бір ойынның қаза қылып көрмеген, тіпті жалғыз ұлының есімін де соның атымен атаған жанкешті жанкүйер. Тоғызыншыдан, өзі қалаған бұйымын қалауынша жинаған көнекез коллекционер. Оныншыдан...

Кейде қолынан көп іс келетін жан-жақты адамды «сегіз қырлы, бір сырлы» деп дәріптеп жатамыз. Шора ағамыздың өзі ықыластанып атқаратын шаруаларын асықпай санамалап көрсек, ол кісінің қырлары сегіз тұрмақ, он сегізден де асып кететін тәрзіді. Ғибратты ғалым қай кезде де көңілді жүрді. Көңілді жүрген соң қолайына келетін қай іске де пейілі бұрылған болуы керек.

Шора Сарыбаев осыдан жүз жыл бұрын Ташкент қаласында әйгілі ағартушы Шамғали Сарыбаевтың отбасында туған. Қазақ зиялыларының талайының табаны тиген шешірілі шаһарда дүниеге келген ол сәби кезінен-ақ ұлт ұлағатын санаға сіңірген сыңайлы. Осылайша балалық шағында бағытын түзеп, бағдарын айқындап алған пайымды перзент бүкіл тағдырын тіл білімімен байланыстырғанды жөн санады. Бұл ғылым сан алуан тармақтарына терең бойлап, диалектология, лексикография, лексикография, библиография, тіл тарихы, морфология, алтайтану саласына түрлен салды. Ол үлгісі мен үрдісі қалыптасқан, дәстүрі бай классикалық ғылымның көрнекті өкілі болды. Аталған салалардың қай-қайсысына да білек сыбанып кірісті. Ғылымға еңбектерінің бәрі дерлік кейінгі буынның қолынан түспейтін құнды дүниелерге айналды. Бұрынғы Одақтың барлық республикаларына тарайтын беделді ғылыми журналдарға оның мақалалары үзбей басылып тұрды. Ол сапалы ой-пікірлері мен сындарлы ұсыныстарын жариялап, қалың жұртшылықтың ықыласын иелену арқылы тумасынан зиялылар әулетінің бойтұмары іспетті Сарыбаев деген ататекті белгілі брендке айналдырды. Әрине, екі ғасыр ішінде елге танымал болған басқа Сарыбаевтардың да өзіндік орны бар. Бірақ тілтанудың тұғырлы тұлғасы боп қалыптасқан бұл Сарыбаевтың жөні бөлек.

Соңғы жиырма жылдың бегдерінде Ұлттық Ғылым академиясының тіл білімі саласындағы төрт бірдей академигі ел-жұртқа кеңінен танымал болды. Олар – Әбдуәлі Қайдар, Рәбиға Сыздықова, Шора Сарыбаев

және Өмірзақ Айтбаев. Әсіресе тоқсаннан асқан алдыңғы үшеуінің сергектігіне қарап, жүз жастың есігін еркін ашатын шығар дейтінбіз. Бірақ ғасыр жасау олардың маңдайына жазылмапты.

Ел арасында тарап кеткен «Сан қырлы Сарыбаев» деген тіркес бар. Шора ағамыз ойға оралғанда оның әмбебаптығы туралы айтылмай қоймайды. Бірақ бәрібір бірінші кезекте оның ғылымы тұрады. Ғалымның қалдырған мұрасы бүгінгі зерттеушілердің қадесіне жарап келеді. Ана бір жылы Шора ағамыздың талай жыл бойы жинаған құнды кітаптары, дәлірек айтқанда, жеке ғылыми кітапханасы Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға табысталды. Өте сирек жәдігерліктерге айналған бұл кітаптар мәдениет орталығының мазмұнын байытып, мәртебесін арттыра түсті. Тілші-ғалымды академик дәрежесіне дейін жеткізген қастерлі қазына әлі де талай ұрпақтың ғылым жолына түсуіне септігін тигізеді деп сенеміз.

Өз саласында зор табысқа кенелген зиялы зерттеуші лингвистикамен айналысудың рахатын ештеңеге де айырбастамайды. Қалған тірлігінің бәрі ғылымды ілгерілетіп, соған деген ықыласын арттыра түсу жолындағы қосымша әрекеттер болатын. Ол мұны өте жақсы түсінді.

Шора Сарыбаев о баста нағыз ғылым адамының денсаулығы мықты, жаны таза, санасы сергек, көңілі көтеріңкі болуы керек деген қағидадан берік ұстанған-ды. Сол себепті жас күнінен өзін-өзі күткен деп ойлаймыз. Ғылым әлеміндегі ұзақ сапарға өзін жақсылап дайындаған тәрзіді. «Күлкі – денсаулық дәрумені», «Сергектік – сана тазалығының кепілі», «Уайым-қайғыдан аулақ болу – миды тынықтырудың кілті», «Қимыл-қозғалыс – жү-үйлі жұмыстың тетігі», «Әдемі әзіл – орнықты ойдың бастауы» деген секілді ескірмейтін ережелерді қаперіне алып, алға қарай адымдай берді. Сол сергектің арқасы болар, тоқсанды орталап барып жалған дүниемен қоштасты.

Енді бүгін жеті жылы кем бір ғасырдың салмағын сараласақ, ғибратқа толы кезең болғанын көреміз. Ғасыр ғибраты. Ғибрат ғасыры. Бұл – алдымен, ерен еңбектің ғасыры. Шора ағамыз кезінен-ақ ұлт ұлағатын санаға сіңірген сыңайлы. Осылайша балалық шағында бағытын түзеп, бағдарын айқындап алған пайымды перзент бүкіл тағдырын тіл білімімен байланыстырғанды жөн санады. Бұл ғылым сан алуан тармақтарына терең бойлап, диалектология, лексикография, лексикография, библиография, тіл тарихы, морфология, алтайтану саласына түрлен салды. Ол үлгісі мен үрдісі қалыптасқан, дәстүрі бай классикалық ғылымның көрнекті өкілі болды. Аталған салалардың қай-қайсысына да білек сыбанып кірісті. Ғылымға еңбектерінің бәрі дерлік кейінгі буынның қолынан түспейтін құнды дүниелерге айналды. Бұрынғы Одақтың барлық республикаларына тарайтын беделді ғылыми журналдарға оның мақалалары үзбей басылып тұрды. Ол сапалы ой-пікірлері мен сындарлы ұсыныстарын жариялап, қалың жұртшылықтың ықыласын иелену арқылы тумасынан зиялылар әулетінің бойтұмары іспетті Сарыбаев деген ататекті белгілі брендке айналдырды. Әрине, екі ғасыр ішінде елге танымал болған басқа Сарыбаевтардың да өзіндік орны бар. Бірақ тілтанудың тұғырлы тұлғасы боп қалыптасқан бұл Сарыбаевтың жөні бөлек.

СЫР, САПАР
ЖӘНЕ СҰХБАТ

*Көргендіні сыйлайды,
Көңілдіңді қимайды.
Күлкілердің түрінен,
Коллекция жинайды!
(Тақырыптың тұздығы)*

Тоқсаныншы жылдардың аяғында Сыр еліне Шора Сарыбаев келді. Жалғыз келген жоқ, Қасында ең жақын шәкірті Кәрімбек Құрманалиев бар. Кәрімбекті сонау студент кезінен жақсы білеміз. Жап-жас күнінде Алматы шет тілдері институтында құрылған «Тұлпар» деген әдеби ұйымды басқарып, өзге оқу орындарындағы әріптестерімен тығыз байланыс жасап тұратын еді. Сол мезгілде таныстық. Ғылымға бәрімізден ерте келді. «Ғылыми жетекшім – өте жайлы адам», – деп қуанып жүретін. Шора Сарыбаевты айтады екен ғой. Тыным таппай жортып, Омбы қазақтарының тілін зерттеді. Солтүстік жаққа қайта-қайта сапар шекті. Ақыры Шөкеңнің жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғады. Содан бері ол Шора

ҒИБРАТ
ҒАСЫРЫ
(Әссе)

ағамызды туған әкесінен кем көрмейді. Қайда барса да жанында жүреді. Ұстазының айтқанын екі етпейді. Жеке көлігімен қалаған жиынына алып барады. Ол кісі әбден жұмысын бітіріп шыққанша сарылып күтіп тұрады.

Енді, міне, сол дәстүр бойынша Шөкеңді ертіп, Сыр бойына келіп отыр. Бұл тұста Кәрімбек Қазақ қыздар педагогикалық институтының шет тілдері кафедрасын басқаратын еді. Ұмытпасам, ол еліміз бойынша сол тұстағы ең жас кафедра меңгерушісінің бірі болды-ау деймін. Жетекшісі де, шәкірті де бірінен-бірі өткен жігерлі. Сол жігердің арқасында әкелі-балалары екеуі бұл күндері Сыр бойында жортып жүр.

Көп ұзамай Шора ағаның Сыр еліне келген себебін де анықтап біліп алдық. Қызылорда қаласында оның ең жақын досы Әніс Жақыпов тұрады. Осындағы университеттің профессоры. Жұртқа өте сыйлы адам. Ғибратты ғалым. Ертеректе түйе атауларын ерттеп, кандидаттық диссертация қорғаған. Сол еңбек еліміздің тілші-ғалымдарынан жоғары баға алған. Әніс ағаның танымдық кітабын табанынан таусылып кітапханадан іздеп жүргендерді талай көрдік. Түйе атауларын тізіп, жіктеп-жіліктеп, талдап-таразылаған әрі тиянақты жазылған бірден-бір еңбек болса, неге іздемесін!

Өзі өмір бойы Сыр бойында қызмет істеген профессор Әуелбек Қоңыратбаевтың зерделі замандасы. Кешегі елге тұтқа болған әлеуетті Әуелбек дүниеден өткен соң Әніс аға байырғы оқу орны ақсақалдарының бірі боп қалған-ды. Бірақ біз осы кезге дейін бұл ағамыздың Шора Сарыбаевтың досы екенін білмеппіз.

Сол Әніс ағаға біз де бөтен емеспіз. Соның алдында ғана Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры боп қызмет істеп, қала әкімінің орынбасарлығына ауысқан бетіміз. Ардақты ағалар Алматыдан келген меймандар-

мен бірге біздің де дастархандас болғанымызды жөн санапты. Сол тұстағы Қызылорда қала-ғылы телерадиокомпаниясының төрағасы Шаһизада Әбдікерімов те қасымызда жүрді.

Әніс ағаның үйінде отырмыз. Кәрімбек жетекшісіне де, жетекшісінің досына да өте еркін сөйлейді. Елден бұрын кандидаттық қорғап, кандидат бола тұра профессорлық атаққа қол жеткізіп, айдарынан жел есіп тұрған кезі. Шора Шамғалиұлы бір әңгімесін өз жөнімен бастап келе жатса, «Ой, көке, бұл онша қызық емес, одан да ана бір күлдіргі оқиғаны айтыңызшы», – деп кимелеп кетеді. Оған сөзімді бөлдім деп реніш білдіріп жатқан Шөкең жоқ. Ерке баласына бір қарап қойып, әңгімесін келген жерінен әрі қарай жалғай түседі. Шәкіртінің де көңілін қалдырмайды.

Мен Шора Шамғалиұлымен алғаш рет дастархандас болған сұхбатына көп араласпай, елге танымал екі кісіні асықпай тыңдадым да отырдым. Екеуі де – көнеңіз көзі. Сөздері шегедей. Әзілі жебедей. Қалжыңы кесіп түседі. Бірақ зілі жоқ. Бір-бірін ара-тұра іліп-шалып қояды. Сондай жарасымды. Әсіресе, Шөкең. Жұдырықтай ғана кісі. Өте тартымды адам. Айнала-сын күлкіге көміп отырады екен. Әзіл-қалжың айтқанның өзінде тыңдаушысына бірді-екілі дерек ұсынады. Сені жалықтырмайды. Қайта қанаттандырып, тағы не айтар екен дегізіп, еліктіріп әкеледі. Туысы бөлек тұлға. Харизма дегеніңіз бір басында жеткілікті көрінді. Сөзді қалағанынша ойнатады. Тілден жаңылмайды. Әйтеуір бірдене тауып алады. Сәл-пәл сылттып басып жүрсе де, дене қозғалысы жеп-жеңіл. Тез қимылдайды. Шапшаң жылжиды. Ауық-ауық біздің Кәрімбекті де қалжыңмен қажап-қажап жібереді.

Бұл жолы біз – Кәрімбек екеуміз екі білімді ғалым – Шора Сарыбаев пен Әніс Жақыповтың сындарлы сұхбатының куәсі болдық. Екеуі де – өте терең. Қазіргі тіл мәдениеті мәселелерін сөз етті. Тілдік қолданыстарға қа-

тысты оралымды ойлар айтты. Әр сөзі селт еткізеді. Әкімдікке келген соң журналист кезімде қолымнан тастамайтын диктофонның қайда қалғанын ұмытқан едім. Енді соған өкініп отырмын...

Бір жағынан қоңақ сыйлағанымыз бар, екіншіден, Кәрімбекпен қашаннан қалыптасқан жолдастығымыз бар, Шора ағамыз Алматысына аттанып кеткенше хабар үзгеніміз жоқ. Осындай елге танымал зиялы кісілер келгенде Сыр бойындағылар бір жасап қалатын еді. Шора ағамыз да бұл жолы Қызылордаға өзгеше леп әкелді.

Бізді таң қалдырған нәрсе – осындай аты мәшһүр адамның аса қарапайымдылығы. Қарапайым кінәді. Қарапайым сөйлейді. Қарапайым қимылдайды. Бірақ қарабайырлықтан аулақ. Қастерлі қарапайымдылық. Мұның да сырын түсінгендейміз. Ғылымды алғашқы кезекке қойып, мансап мәселесін бас ауыртпағанына-ау деп түйдік іштей. Менмендіктен аулақ. Кіммен болса да емін-еркін араласып-құраласып кете береміз. Әйтпесе, әйгілі шаңыраққа өсіп-өніп, әлеуетті әулеттің тәрбиесін көрген ол қалай асқақтаймын десе де еркінде емес пе? Ол сол қарапайымдылықты қасиет тұтты. Қарапайымдылық оның қастерлі қағидасына айналды.

ҒЫЛЫМ, КҮЛКІ
ЖӘНЕ ФУТБОЛ

*Жоғары оның өресі,
Жұқалтаңдау денесі.
Жан алысып, жан берген,
Жанкүйердің төресі!
(Тақырыптың тұздығы)*

Шора Шамғалиұлы жаңа ғасырдың басынан бері «Қайнар» университетінде жұмыс істеді. Бұл бір Алматыдағы қазақ зиялыларының басын қосқан ерекше оқу орны еді. Осы тұста ғылыми еңбегімізді қорғаған бізді «Қайнарға» факультет деканы, академик Өмірзақ Айтбаев пен оның орынбасары Мақпал Оразбек жұмысқа шақырды. Осылайша Шора ағамен бірге қызмет істедік. «Қайнардың» филология факультетіне өңкей бір сайдың тасындай ойлы оқытушылар жинақталған-ды. Тілші-ғалымдар Өмірзақ Айтбаев, Зейнеп Базарбаева, Сапарғали Омарбеков, фольклортанушы Болатжан Әбілқасымов студенттер алдында лекция оқытын. Солардың арасында Шора Сарыбаев ағамыз жасындай жарқылдап жүрер еді.

Жалпы, Еренғайып Омаров ағамыз басқаратын «Қайнар» университеті оқу корпусы шағын, аудиториялары ықшам болғанымен, бірлігі жарасқан оқу орны еді. Сол бірліктің берекелі болуына Шора Шамғалиұлы да мол үлес қосты. Оны студенттер өте жақсы көреді. Себебі өзі де әзіл-қалжың айтып әрбір студентті баурап алады. Әйтеуір лекцияның үзілісінде ұл-қыз Шөкеңді ортаға алып, айналсоқтап шықпай қояды. Мейірімді әрі ақкөңіл адам кімге ұнамаушы еді?!

Университет ұжымы Шора Сарыбаевқа ерекше құрметпен қарады. Оның үстіне оқу орны басшыларының бірі Кәрімбек Құрманалиев Шора ағамыздың шәкірті болған соң, бұл құрмет еселене түсті. Осында өткен жиырма жыл Шора Сарыбаевтың бақытты кезеңі деп білеміз. «Қайнардың» қайнарынан қанып ішкен мезгілде бұған біздің анық көзіміз жетті.

«Қайнар» университетінің профессорлары мен оқытушылар құрамы түрлі іс-шараларға қатысып тұрады. Мұндайда Шора ағамыз өте белсенді боп кетеді. Кейде студенттер алдында өнер көрсетеді. Шөкең өнер көрсеткенде анау-мынау әртістерің шаң қауып қалады-ау. Ол темірдей тәртіпті ұстанып, сіресе қатқан оқытушылар санатынан болған жоқ. Егер ғылым жолын құмай, өнердің

соқпағына түскенде де қара үзіп шыққандай бар екен. Жасы ұлғайғанына қарамастан еркін қимылдайды.

Кәрімбекпен бірге Шора ағамыздың үйінде бірнеше рет болдым. Бұл шаңырақты үй дегеннен гөрі мұражай немесе мұрағат деген дұрысырақ болар еді. Қабырғада кітап өз алдына, жарты ғасырдан бері жиналған газет қиыңдылары қатталып тұр. Бәрі де ұқыпты жинақталған. Кез-келген папканы қойған жерінен тауып береді. Ол ол ма, соның бәрінің дерегі арнайы картотекаға жинақталған. Ол картотеканы өз қолымен түзген – тағы да Шөкең. Кітапханашы да, мұрағатшы да, тұтынушы да – бір өзі. Яғни бір өзі – бір институт. Енді оған коллекция жинаушысы екенін қосыңыз. Бұл материалдарға да шуақты шаңырақтың бір бұрышынан орын берілген. Не жоқ дейсіз мұнда?! Сирек кездесетін бұйымдар. Сирек сөздер тізбесі. Тіпті күлкінің түрлеріне дейін жіктеп қойған. Оны оқысын да күлесің...

Спортпен шұғылданбаса да, спортшыларды шектен тыс жақсы көргені баршаға мәлім. Әсіресе футбол десе, ішкен асын жерге қоятын. Ілгеріректе маңдайға басқан жалғызымыз – «Қайрат» ойнаған мезгілде құдайы беріп қалатын. Күн райы құбылып, жанбыр жауып тұрса да, жел соғып кетсе де, ашық аспан астындағы стадионның төрінде отырады. Жай отырмайды, әйгілі футбол жанкүйерлері – атақты қаламгер Сейдахмет Бердіқұлов пен әйгілі ақын Тұманбай Молдағалиевтің маңайынан ұзамай, алаңдағы ойыншының бәрін түгелдеп, әрқайсысына баға береді. Тұманбай ақын сол жылдардың ескірмес естелігі ретінде «Футбол келді» деген баршаға белгілі өлеңін жазғаны мәлім. Шыңдығында бұл жыр теңдессіз спорт журналисі Сейдахмет арналған. Алайда осы шымыр шумақтар аяқ доп үшін жан алысып, жан беріскен жанкүйер Шора ағамыздың да болмыс-бітімін айқын танытатын сияқты:

*Ішкен асын жерге қойған
доп десе,
Арамызда сол бір қазақ жоқ,
бәсе...*

*Өндемейді үңірейіп Алматы,
Бір ағайын шығар еді
әйтпесе.*

*Намыс ұлы, нар намыстың
баласы,
Басталды ғой футболшылар
додасы.*

*Ұйқы көрмей жүретін
бұл кезінде,
Неғын үнісі ұйықтап
жатсын, ағасы?!*

*Жігіт қанда, үміт барда
өлмейсің,
Ажал иттің айтқанына
көнбейсің,
Футбол келді, сенің әсем
футболың,
Аласұрың неге
түрегелмейсің?!*

Бүгінде футбол десе жанын беруге бар осынау ағаларымыздың бәрі де мәңгі ұйықтап жатыр. Бүгінде ұлт футболының қожырап кеткені стадионның қыр арқасына қонып алып, қарауыл қарап отыратын сол кісілердің жоқтығынан ба екен, кім білсін?!

Ғылым, күлкі және футбол... Бұлай қарасаң, бұл үшеуі мүлде қабыспайтын ұғымдар секілді көрінеді. Жоқ, қабысады екен. Шора Сарыбаев көңілді күлкі мен жанкешті жанкүйерліктен алған жалын-жігерін ғылымды өркендетуге жұмсапты. Сол күш-қайрат оған ғасырға жуық ғұмыр сыйлады.

Жұрт жадындағы жүзжылдықтың нағыз тағылымы осы!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

№24 (4768) 01/03/2025 Сенбі

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРГЕ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Астанада 2022-2024 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама бойынша 69 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізілді. Сонымен қатар 55 ғимараттың жедел сатылары жөнделіп, кейбіреуі қайта ауыстырылған.



«Ортақ мүлкті күрделі жөндеу жұмысы екі түрге, яғни минималды және максималды жұмыс түрі болып бөлінеді. Жұмыстың минималды түрі жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және үйдегі жылу энергиясын жалпы есептегіштерді орнату арқылы тұрғын үйдің шатырын, кіреберісін және жер төлесін жөндеуді, сондай-ақ ғимараттың техникалық жағдайын ескере отырып, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолжетімді ортаны құруды қамтиды. Жұмыстың максималды түрі – шатырды, кіреберісті, жер төлені, қасбетті

жөндеу, жылу тұтынуды реттеудің автоматтандырылған жүйесін және жалпы үйдегі жылу есептегіш құралдарын міндетті түрде орнату арқылы лифт жабдығын жөндеу (ауыстыру), тұрғын үйлердің жалпы инженерлік желілерін және өрт қауіпсіздігі жүйелерін орнату мен қайта жабдықтау, сондай-ақ ғимараттың техникалық мүмкіндігін ескере отырып, қолжетімді ортаны құру» дейді «Өркен қала» ЖШС директорының орынбасары Гүлвира Әбетова.

Кондоминиум нысанының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, лифтілерді

мемлекеттік бюджеттік несиесі есебінен жөндеуге (ауыстыруға) қатысу туралы шешімді тұрғын үйдегі пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жалпы жиналыста қабылдауы тиіс. Онда бағдарламаға қатысу фактісі ғана емес, сонымен қатар, әр пәтерге, тұрғын емес үй-жайға жүктелген шығын сомасы бекітілуі керек. Ол барлық тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар алаңдарының мөлшеріне байланысты айқындалады.

Жиналыста пәтерлер мен тұрғын емес үй-жайлардың иелері бюджет қаражатын қайтару мерзімін анықтауы тиіс. Ережеге сәйкес, ол 7 жылдан 15 жылға дейін болуы мүмкін. Сондай-ақ жасырын жұмыс түрлерін қоса алғанда, жұмыстарды қабылдау кезінде шығындардың, қызмет көрсетушілер мен жауапты тұлғалардың сметасы да бар.

«Астанада күрделі жөндеу жұмысы жалғасуда. Тұрғындар аталған бағдарламаның операторы – «Өркен қала» ЖШС-ке хабарласып, өтінім бере алады» деп атап өтті Г.Әбетова.

Еске салсақ, Астанада 2011 жылдан бері жергілікті бюджет қаражаты есебінен тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бойынша мемлекеттік бағдарлама жұмыс істейді. Жөндеуді қажет ететін кез келген көпқабатты үй осы мақсатта бюджеттік несиесі алуға өтініш бере алады.



БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛ ОЗАР

Елордадағы Достық үйінде «Мәміле» пікірталас клубы «Бірлігі бекем ел озар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.



Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Алғаш айту күніне және Қазақстан халқы ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына орай өткен дөңгелек үстел отырысында қазақ тілін үйреніп жүрген этнос өкілдері алдымен қазақ халқына алғыс айтып, қазақ тілінің Қазақстан халқы біріктірудегі рөлі мен маңызына тоқталды.

Модератор Сағым Естемесова қазақ ұлтының тілі мен мәдениетіне қатысты қызықты және маңызды мазмұндарды бөлісе отырып, тақырып аясында қатысушылармен пікір алмасты. Сонымен қатар оларға қазақ тіліне берекелілікке қатысты мақал-мәтелдерді ұйретті.

Мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтуді көздеген «Мәміле» пікірталас клубы еліміздің әр өңіріндегі Достық үйінде жұмыс істейді. Онда этномәдени бірлестік өкілдері әңгімелесу, ситуациялық жаттығулар, ойындар арқылы қазақ тілінде еркін сөйлеуге машықтанады, сондай-ақ қазақ халқының салт-дәстүрін үйренеді.

– Біз бұл жерде қазақ тілін үйретіп қана қоймай, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын да таныстырамыз. Сондай-ақ әр этнос өкілдері өз мәдениетін насихаттап, өзара үйренеді. Кейде әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық тағамдарын дайындап әкелетін кездері болады. Осы клубта сабақ беріп жүргеніміз 5-6 жылдан асты. Астана қаласы әкімдігі Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өтетін үйрену курсына қазақ тілін үйренгісі келетін жас балалардан бастап 80 жастағы әжелерге дейін қатысады. Бір ауыз сөзбен айтқанда, бұл клубтың қазақ тілі мен мәдениетін насихаттаудағы рөлі ерекше, – деді Сағым Барлықбайқызы.

– Ұлтым татар, осы клубтың бір мүшесі ретінде қазақ тілін үйреніп жүрмін. Бұл жер өте көңілді, бірге үйреніп, сырласамыз, мерекелерді де бірге тойлаймыз. Біздің араздығымызды жалғап тұрған ең үлкен дәнекер – мемлекеттік тіл, – деді Рәйла Дәуітова.

ХАБАРЛАМА

2025 жылы 11 наурыздан 20 наурызға дейін (15-16 наурыз демалыс күндері) сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін (үзіліс уақыты: 13:00-14:00) «UV DENT» ЖШС-ге (ZEIN отбасылық стоматология клиникасында), Ғ.Мүсірепов көшесі, 16/1 мекенжайында орналасқан Астана қаласы бойынша тұрақты тіркелген азаматтарды тіс протездеуге жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- ҮОС ардагерлері және ҮОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
- жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жас, әйел кісілер – 61 жас);
- I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
- көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар) (атаулы әлеуметтік көмек алушылардың қатарынан);
- мүгедектігі бар балаларды асырап отырған отбасы (ата-ананың біреуіне);
- асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар (алуға құқығы бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі нысанда оқитын балаларды қоса алғанда, бірге тұратын 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларға олар 23 жасқа

толғанға дейін жәрдемақы алады). Жазу онлайн режимде жүзеге асырылады. Бұл жазу форматы халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

Байланыс телефондары: Алматы ауданы: 25-55-45; 8-708-425-55-45; 8-701-360-81-90; Сарайшық ауданы: 25-10-02; 8-708-503-38-43.

Өтініш беруге қажетті мәліметтер мен құжаттар тізімі:

- Тегі, аты, әкесінің аты;
- Тіркелген мекенжайы;
- ЖСН;
- ҚР жеке куәлігі;
- Жеңілдік куәлігі нөмірі;
- Жасы бойынша зейнеткер куәлігі;
- I, II, III топ мүгедектігі туралы куәлігі;
- Байланыс телефоны;
- Статус (растайтын құжаттар);
- Асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекеттік жәрдемақы алғанын растайтын құжат.



LRT: ҚҰРАМДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ БАСТАЛДЫ

Қытайдың Таншань қаласында LRT алғашқы жылжымалы құрамдарын құрастыру жұмысы жүріп жатыр. 19 жылжымалы құрамға тапсырыс CRRC Tangshan Co., Ltd зауытына берілген. Ұзындығы 60 метрлік жылжымалы құрамдар GOA 4 деңгейіндегі автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешенмен жабдықталмақ.

Кешенде есіктерді автоматты түрде ашу және жабу, тоқтау және жүру, депоға кіру және шығу, құрамдардың жағдайын бақылау, пойыздар арасындағы қашықтықты реттеу және оператордың (машинист) қатысуынсыз басқа функциялар да орындалады. Төрт секциялы құрамдар толық жүктелгенде (6 адам/шаршы метр) 600-ден астам жолаушыны сыйдыра алады.

Салондарда беріктігі жоғары материалдар, соның ішінде органикалықты былғары және шыны талшықты композит қолданылады, бұл жолаушыларға жайлылық береді. Шуды азайтуға қалың терезелер және шуды бәсеңдету элементтері, диаметрі үлкейтілген дөңгелектер қойылады. Ал құрамдар заманауи ақпараттандыру жүйелермен жабдықталады. Яғни сыртқы және ішкі электронды табло мен LCD-мониторлар қозғалыс бағытын, соңғы және келесі станцияларды, есіктердің ашылу жағын және шұғыл ақпаратты көрсетеді.

Мұнда Астана климатының ерекшелігін ескере келе, алдыңғы терезесі температураны реттейтін электрлі жылыту жүйесімен жабдықталған. Бұл кенеттен болатын температура өзгерістерінде әйнектің булануының алдын алады. Кондиционер қондырғысының қуаты – 35 кВт



(салқындату қуаты). Ал жалпы қуаты 1722 кВт болса, ең жоғары жылдамдық – сағатына 80 шақырым. Толық автоматтандырылған және операторлардың тұрақты бақылауымен жүргізілетін пилотсыз басқару жүйесі қондырылады.

Қазір алюминий қорытпасынан жасалған корпус элементтерін дайындау және дәнекерлеу жұмысы жүруде. Алғашқы жылжымалы құрамдар мамыр айының соңына дейін дайын болады. Қыркүйек айында алғашқы пойыздар жеткізілгеннен кейін тест сынақтары басталады.

«Тест режимінде іске қосу – пай-

далануға берудің маңызды кезеңі. Бұл кезеңде барлық инфрақұрылым элементі, жылжымалы құрам және барлық жабдық тексеріледі, соның ішінде рельстердің бүтіндігі, электрмен жабдықтау жүйесі, телекоммуникация жүйелері толық зерттеледі. Сынақтар барысында үлкен көлемде деректер жиналып, талданады, оның нәтижесі мен LRT жүйесін пайдалануға беру туралы шешім қабылданады. Алғашқы тест осы жылдың қыркүйек айына жоспарланған, бұл сынақ бірнеше айға созылады» деп түсіндірді City Transportation Systems ЖШС басқарушы директоры Орынбасар Ағыбаев.



ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса рақымды, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға тән! Ардақты Пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!



Қадірлі отандастар! Сіздерді иісі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бірлік пен береке, бақыт пен шаттық тілеймін! Рамазан айы құтты болсын!

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңе дейінгі қауымдарға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) деп баяндайды. Шариғатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізугі баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шариғатымыз рұқсат береді.

Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі. Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті ауыз бекіткен адамға берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де беймәлім. Аштық пен шөлге төзіп, Алла разылығын алуды шынайы ниет еткен адамға ықыласына қарай мол сауаптар беріледі. Алла Тағала құдси хадисте: «Ауыз берік адам ішіп-жеуін Мен үшін доғарды. Ораза – Мен және құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана алып, Мен беремін. Ораза құлымның аштық пен шөлдеу себепті аузынан шыққан иісі Мен үшін мисткен (әтірден) де қайырлы» деген.

Шарапаты мол айда сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығын алуға асыққан абзал. Пенденің осы айда ұстаған ора-

засы, Аллаға ұнамды барлық құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтың азығы, тәтті шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы берік жандар өзін дәрежелік көрсеткен кейбір кісілерге: «Мен оразамын» деген бір ауыз сөзбен көркем мінездің керемет үлгісін көрсетеді. Нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе кәрілік жетіп ораза ұс-

тауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...» деген.

Осы ретте барша отандастарымды Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қасиетті айда ұйымдастыратын қайырымдылық іс-шараларына үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Ра-

мазан айына тура келген құдайы астарды ауызашар уақытында өткізіп, көбірек сауап алуға тырысайық. Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке нәсіп етпей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай! Әумин!

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас муфти

Рамазан 2025
Ораза кестесі
Һижри 1446 жыл

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі өтетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1 Наурыз	05:28	06:54	12:32	16:07	18:00	19:26
2	Жексенбі	2 Наурыз	05:26	06:52	12:31	16:09	18:02	19:27
3	Дүйсенбі	3 Наурыз	05:24	06:50	12:31	16:10	18:04	19:29
4	Сейсенбі	4 Наурыз	05:22	06:48	12:31	16:12	18:05	19:31
5	Сәрсенбі	5 Наурыз	05:20	06:45	12:31	16:13	18:07	19:33
6	Бейсенбі	6 Наурыз	05:18	06:43	12:30	16:15	18:09	19:34
7	Жұма	7 Наурыз	05:16	06:41	12:30	16:16	18:10	19:36
8	Сенбі	8 Наурыз	05:13	06:39	12:30	16:18	18:12	19:38
9	Жексенбі	9 Наурыз	05:11	06:37	12:30	16:19	18:14	19:40
10	Дүйсенбі	10 Наурыз	05:09	06:35	12:30	16:21	18:16	19:41
11	Сейсенбі	11 Наурыз	05:06	06:32	12:29	16:22	18:17	19:43
12	Сәрсенбі	12 Наурыз	05:04	06:30	12:29	16:24	18:19	19:45
13	Бейсенбі	13 Наурыз	05:02	06:28	12:29	16:25	18:21	19:47
14	Жұма	14 Наурыз	05:00	06:26	12:28	16:26	18:22	19:49
15	Сенбі	15 Наурыз	04:57	06:23	12:28	16:28	18:24	19:50
16	Жексенбі	16 Наурыз	04:55	06:21	12:28	16:29	18:26	19:52
17	Дүйсенбі	17 Наурыз	04:52	06:19	12:28	16:31	18:27	19:54
18	Сейсенбі	18 Наурыз	04:50	06:17	12:27	16:32	18:29	19:56
19	Сәрсенбі	19 Наурыз	04:48	06:14	12:27	16:33	18:31	19:58
20	Бейсенбі	20 Наурыз	04:45	06:12	12:27	16:35	18:32	19:59
21	Жұма	21 Наурыз	04:43	06:10	12:26	16:36	18:34	20:01
22	Сенбі	22 Наурыз	04:40	06:08	12:26	16:37	18:36	20:03
23	Жексенбі	23 Наурыз	04:38	06:05	12:26	16:38	18:37	20:05
24	Дүйсенбі	24 Наурыз	04:35	06:03	12:26	16:40	18:39	20:07
25	Сейсенбі	25 Наурыз	04:33	06:01	12:25	16:41	18:41	20:09
26	Сәрсенбі	26 Наурыз	04:30	05:59	12:25	16:42	18:42	20:11
27	Бейсенбі	27 Наурыз	04:28	05:56	12:25	16:44	18:44	20:13
28	Жұма	28 Наурыз	04:25	05:54	12:24	16:45	18:46	20:15
29	Сенбі	29 Наурыз	04:23	05:52	12:24	16:46	18:47	20:17

ЕСКЕРТУ:

- Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнәларымды кешір!
- Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына 655 теңге.
- Пітір садақаны және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.
- Қадір түні – наурыз айының 26-нан 27-не қараған түн.
- Ораза айт – 30 наурыз.

Рамазан кестесін MuftyatBot телеграм ботынан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7 +7(707)233 30 30

ОРАЗАДА НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

АУЫЗ БЕКІТТІН КЕЗДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Оқылуы: «Нәуәйту ән асумә саумә шәһри Рамаданә минәл фәжри иләл мағриби халисан лилләһи тағәлә». Бұл дұғаның мағынасы мынадай: «Таңертеннен кешке дейін Алланың ризалығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».

АУЫЗ АШАР КЕЗДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Оқылуы: «Аллаһуммә ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә 'аләйкә тәуәкәлту уә 'ала ризқикә әфтарту. Зәхәбә Зомә уәбталлатил-уруқ уә сабәтал-әжру ин шәә Алла». Мағынасы мынадай: «Алла Тағала! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Шөл кетті, тамырлар суланды, иншалла, сауабы да жазылды».

ҚАДІР ТҮНІНДЕ ОҚЫЛАТЫН ДҰҒА

Бұл дұғаны Рамазан айының соңғы он күнінде көбірек оқыған абзал. «Уа, Алла! Расында, Сен кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Мені де кешіре гөр!». Бұл дұға былай оқылады: «Аллаһуммә иннәкә Ыафуун, тухиббул-йафуа фаьфу-ғанни».

КІМДЕР ОРАЗА ҰСТАМАСА БОЛАДЫ?

Науқас адам. Егер мұсылман адам ауырып, ауыз бекіте алмаса, онда оразасын тоқтата тұрса болады. Бірақ қазасының орнын міндетті түрде толтыруы керек. Сонымен бірге қатты шөл не аштық қысып, соның себебінен өліп қалуы мүмкін болған жағдайда оразасын тоқтатып, кейін қазасын толтырса болады. Бұл жерде ескеру керек маңызды жайт: шыдауға болатын, елеусіз бір ауру болған жағдайда тоқтатуға тыйым салынған.

Сапарда жүрген адам. Жолға шыққан адамның жағдайына не сапарының қиын-жеңіл болғанына қарамастан, оған аузын ашуға рұқсат етілген. Жолы жеңіл, еш қиындықсыз болса да сапардағы адам намазын қысқартып оқып, ораза ұстамаса болады. Бірақ жолдан келген соң, басқа күндерде оразасының сабын толтыруға міндетті.

Қарт адам. Ораза ұстауға шамасы келмейтін, жасы келген адамдарға ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Оны өтемесе де болады. Дегенмен ораза ұстамаған әр күні үшін бір кедейді тамақтандыру керек делінген. Бұл жазылмайтын дертке шалдыққандарға да қатысты.

Жүкті және бала емізетін әйелдер. Егер әйел ауыз бекітуіне не баласына қауіпті деп ойласа, онда оразасын тоқтата алады. Бірақ ұстай алатын болса, қаза қылуға тыйым салынады. Ұстамаған жағдайда кейін қазасын өтеуі керек.

Жас балалар мен ақылынан адасқан адамдар. Жаман істерді жазатын періште баланың көмелетке толғанынша, ұйықтап жатқан адамның оянғанын және ақылдан адасқан адамның есі жиылғанын білген істерін жазбайды. Ораза да осы себепті бұл қатарға кіретін адамдарға парыз емес.

Хайызы келіп жатқан және жаңа босанған қыз-келіншектер. Босанғаннан кейінгі қан не етеккірі келіп жатқандар оразадан босатылады. Қазасын кейін өтейді.

ОРАЗАҒА ДЕЙІН НЕ ІСТЕП ҮЛГЕРУ КЕРЕК?

Алдымен ниетті түзеуден бастау қажет. Барынша осы айда сауапты істі молынан істеуге ұмтылыңыз. Ол үшін өзіңізге амалдар кестесін дайындаңыз болады. Оның ішінде тақуалығыңызды арттыратын істерге қоса, пайдалы әдеттерді де қосыңыз. Бір ай бойы тоқтаусыз істеп үйренсеңіз, дағды айналдыру жеңіл бола түседі. Интернеттен Рамазанда айналысуға болатын істер жазылған дайын үлгілер тауып алып, өз ыңғайыңызға бейімдеп алсаңыз болады.

ҚАЗА КҮНДЕРДІ ӨТЕУ

Былтырдан қалған қаза оразаларыңыз болса, соны міндетті түрде өтеңіз. Одан қала берді физикалық тұрғыда дайындықты да ертерек бастаған абзал. Мысалы, майлы, ащы тамақтардан бастап, кофе, газ сусындарды азайтыңыз. Өйткені бұл сіздің денсаулығыңызды нашарлатып жіберуі мүмкін. Ауырып қалып жатсаңыз, оразаны қаза қылып алуыңызға жарамайды. Сондықтан оразаға ағзаны барынша ертерек дайындаған абзал болады. Мейлінше мол сауапқа кенелгіңіз келсе, осы айда діни білімге ден қойып, құлшылыққа бет бұрсаңыз құба-құп.

БИЫЛ ҚАДІР ТҮНІ ҚАЙ ТҮНГЕ ТҮСПІ ТҮР?

Рамазан айындағы ең маңызды түн – Ләйләтүл Қадір. Бұл күні Жерге Құран түскендіктен, мұсылмандар бұл түнді ерекше күтеді. Қадір түнінде періштелер жерге түседі. Осылайша күллі жер бетіне береке тарайды. Қадір түнінің нақты қай түн екенін Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ғана білген. Яғни оны белгілі бір күн деп нақты айта алмаймыз. Әйтсе де, Рамазан айының соңғы он күнінің ішінде делінген. 2025 жылғы діни мерекелер кестесіне сүйенсек, қадір түні наурыз айының 26-сынан 27-сіне қараған түні болуы мүмкін. Хадистерде бұл түн тыныш, қатты ыстық та, салқын да емес болады деп келтіріледі.

ҚҰРБАН АЙТ ҚАШАН ТОЙЛАНАДЫ?

Биыл Құрбан айт мерекесі 6-8 маусым аралығына түсіп тұр. Ораза айтты мұсылмандар үш күн қатарынан тойлайды. Айттың алғашқы таңында барлық мешітте Айт намазы оқылады. Одан кейін осы Құрбан айт мейрамының үш күнінің бірінде жағдайы бар мұсылман құрбан шалуға тиіс. Құрбан айт мейрамы Мекке мен Мадина қалаларында қажылық парызын өтейтін кезеңмен аяқталады.

Дайындаған Төлен ТІЛЕУБАЙ

№24 (4768) 01/03/2025 Сенбі

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН САЙЫС

Биыл «Ән атасы» атанған Әміре Қашаубаевтың Париж төрінде ән салып, қазақ әнін әлемге танытқанына 100 жыл толады. Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы мен Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі бірлесіп ұсынған «Дода» атты өнер сайысы осы айтулы оқиғаға арналды.

Елордадағы екі ірі де іргелі өнер ордалары бір сахнада кездесіп, тартысқа толы шығармашылық сайыс және тамаша шоу-бағдарламамен көрермендерді тәнті етті. Сайысты белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов кіріспе сөзбен ашып берді. Қос тараптан шыққан таны-

мал өнерпаздар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Гүлмира Сарина мен Айгүл Елшібаева Сейітжан салдың «Қанаталдысымен» және «Наурызбектің жыр бастауымен» жиналған жұртшылықты қыздырып алды.

Сайыс үш айналымнан тұрды. Алғашқы ән мен күй жа-

рысында астаналық филармонияның әншісі, халықаралық байқаулардың лауреаты Жандос Иманбай Иса Байзақовтың «Исаның желдірмесін» желдіртсе, «Қазақконцерт» атынан Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айзат Қарабек халық әні «Қарғам-ауды» гитарамен сызылты. Ал күйшілер сайысы үштік сайысына айналды. Мұнда Мейрам Айтмағанбетов, Райымбек Тарихов, Мағжан Шәріп (филармония) Нұргиса Тілендиевтің «Аққу» күйін, қарсы тараптан Бауыржан Бекмұханбет, Жанту Дадабаев, Ғаламат Бейсеқожа («Қазақконцерт») Бауыржан Бекмұханбеттің «Шалқыма» күйін ұсынды.

Екінші айналымда қатысушылар би жарысы мен дуэтпен ән орындаудан сайысты. Филармонияның «Шалқыма» халық би ансамблі «Қазақконцерттің» «Бірлік» би ансамблімен тартысты. Қазақтың домбыра, қобыз, сыбызғы, жетіген сынды төл аспаптардың



сүйемелдеуімен республикалық байқаулардың лауреаты Айдос Оңғарбай мәдениет саласының үздігі Әйгерім Наргүіем (филармония) жұп құрып, халық әні «Екеуің-айды» айтты. Ал «Қазақконцерт» атынан «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Асқар Мұқият пен мәдениет саласының үздігі Перизат Тұрар Ақан серінің «Қараторғайын» шырқады.

Үшінші айналым «Ансамбльдің жеке шығармасы» және «Ансамбльдің сүйемелдеуімен ән орындау» деп аталды. Мұнда филармонияның «Қорқыт»

этноансамблі «Бақтыбайдың әуенін», «Қазақконцерттің» «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі Бауыржан Ақтаевтың «Арнау» туындысын орындады. Аталған ансамбльдердің сүйемелдеуімен халықаралық байқаулардың лауреаты Сәулелжан Тағзия (филармония) Үкілі Ыбырайдың «Гәккіуін», республикалық байқаулардың лауреаты Дінісламбек Жайлаубай Ғарифолла Құрманғалиевтің «Еңбек» әнін әуелетті.

«Тосынсай» бөлімінде «Қазақконцерттің» қобызшылары, филармонияның «Халық әні»

бөлімінің әншілері өнер көрсетті. Сондай-ақ қатысушылар мақал-мәтел, жұмбақ шешу сайыстарында ой жарыстырды. Доданы белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали әзілмен әдіптеп жүргізді. Қос тарап жетекшілері – әнші, радиожурналист Жасұлан Наурызбайұлы («Қазақконцерт») және мәдениет саласының үздігі Берік Омаров (филармония) сайыскерлерді камшылап отырды. Ұлттық өнер ұлықталған сайыс қорытындысында қазақ өнері, яғни достық жеңді.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

ОТБАСЫ БЕРЕКЕСІ НЕМЕН БЕКЕМ?

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада белгілі қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазының «Отбасы берекесі» кітабының таныстырылымы өтті. Іс-шараға Парламент депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен қаламгерлер, зиялы қауым өкілдері қатысты.

«Отан отбасынан басталады», «Отбасы берекесі махаббатта», «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін...» атты үш бөлімнен тұратын аталмыш кітапта автор өз өмірі мен тәжірибесіне сүйеніп, отбасы құндылықтары жайлы ой-тұжырымдарын топтастырған. Жастарға отбасы құрудың жауапкершілігін, оның берекесі мен бекемдігін сақтаудың жолын көрсететін еңбекте өзекті мәселелер заман ағымына сай қозғалады.

«Ең алғаш қолыма қаламды Түркістан облысы Сарыағаш ауданының әкімі кезінде алып, «Керегем, саған айтам» деген мақала жаздым. Сол уақытта кейбір отбасыларда, ұжымдарда, басшылардың арасында ұлтымыздың құндылығына қайшы келетін жағдайлар кездесіп, қалам тербеуге тура келді. Мұны әкім емес, қазақтың әйелі ретінде жаздым. Бұл тақырыпты кейіннен қандай қызмет істесем де қозғадым. Зейнетке шыққан соң екі тақырып таңдап алдым. Біріншісі – «Тіл құбылысының ұлттық маңыздылығы, мемлекеттік мәртебесі», екіншісі – «Отбасы берекесі». Ал бұл кітапта 1993 жылдан бері айтып жүргенім жинақталды. Оны жазудағы мақсатым – бір қазақтың отбасына болса да пайда тигізу» деді Оразкүл Асанғазы.

Кітап таныстырылымын Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Тіл сая-



саты комитетінің төрағасы Ербол Тілешов жүргізді.

«Біздің заманымызда ұлттық тәрбие мен жаһандану бетпе-бет келді. Сондықтан Оразкүл Асанғазының кітаптарындай кітаптар көп шықса, тоқитын сана болса, кеткен есемізді қайтарамыз. Бұл кітаптың міндетінің өзі – қазақты қазақ қылу, ессін қайтару, өткенді тірілту» деді ол.

Мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов бұл кітап, ең алдымен, жастарға керек екенін атап өтті.

«Автор ене болу, келін болу не екенін, күйеуге деген құрметтің қандай болу керектігін ұқтырып, балалар тәрбиесі мәселелерін, жалпы алған-

да, отбасы өміріне қатысты барлығын да осы кітапта тәптіштеп, үлкен ізденіспен жазған. Бір демде оқылатын, жастарға үлгі-өнеге көрсететін кітап екен. Мен оны бастан-аяқ оқып шығып, риза болдым» деді ғалым.

Мемлекет және қоғам қайраткері Серік Ақымбеков «Біз кіміз? Не үшін жаралдық?», «Отбасын құру – жауапкершілік», «Қыз – өскен үйінде қонақ», «Махаббаттың сипаттары», т. б. осы сияқты кітаптары тақырыптар автордың өмірлік мектебінің белесінен алынғанын айта келе, кітапты мектептерге, оқу орындарына тарату керектігін атап өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Светлана Жалмағамбетова аталған кітап отбасы

мүшелерін, яғни ер-азамат пен әйелді өз орнына қоятынның айтты. Филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов автор бұл еңбекті этнопедогогика, психология, психосоматика, жаратылыстану, философия секілді бірнеше іліммен байланыстырғанын атап өтіп, сол тұрғыдан тарқатты.

Академик Кәрімбек Құрманғалиев бұл кітапты Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына қосымша еңбек, хрестоматия ретінде енгізуді ұсынды. Мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Сайлау Батыршаұлы аталған кітап ЛГБТ секілді қозғалыстарға тойтарыс беретінін айтты.

«АЛТЫН САҚА» КІМГЕ БҰЙЫРДЫ?

Алғыс айту күніне орай Аспрап спорт кешенінде Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы, қала әкімдігінің Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы, №7 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі, қалалық Асық ойын федерациясының ұйымдастыруымен асық ату спортынан 2009-2011 жылы туған жасөспірімдер арасында «Алтын сақа» турнирі өтті.

Елорда чемпионатын анықтайтын турнирге Алматы, Сарыарқа, Есіл, Байқоңыр, Нұра, Сарайшық ауданының құрама командасы мен «Арқа алаң» ұлттық спорт түрлері құрама командасы, №7 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, «Астана», «Аспрап» құрама командалары қатысты.

– Асық ату – қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі және төл мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Жарысқа қыздар мен ұл-

дар боп 20 командадан 80 спортшы қатысып жатыр. Бұл осы ойынға деген балалардың қызығушылығы артып келе жатқанын білдіреді. Қатысушыларға тек қана сәттілік тілеймін, – деді Астана қаласы асық ату спортының аға жаттықтырушысы Ескендір Рахметов.

Жарысқа қатысушылар «Шеңбер» және «Бес табан» ойыны бойынша бақ сынасты. Нәтижесінде асық ату спортынан – «Аспрап», бес асықтан «Астана» командасы жеңімпаз болды.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасы бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 24

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ержан ҚОЖАС